

Қалымбетова Ә.К.,
Сатыбалдина Н.К.,
Файзуллина А.К.,
Баймолдина Л.О.,
Жолдасова М.К.

**Кәсіпке бейімделу мәселесінің
әлеуметтік-психологиялық
ерекшеліктері**

Бұл мақалада студенттердің кәсіпке бейімделу мәселесін заман талабына сай зерттеу және жүйелеуге байланысты зерттеу жасалған. Осыған байланысты, зерттеудің негізгі мәселесі жан-жақты қарастырылған. Студенттердің кәсіпке бейімделуін зерттеу жастық динамиканы тереңірек түсінуге және жастық, кәсіби дағдарыстардың болу критерийлерін анықтауға әсер ететіні көрсетілген. Зерттеу нәтижелері студенттердің кәсіпке бейімделу барысындағы әлеуметтік-психологиялық факторлардың ерекшеліктері көрсеткіштерін жоғарылатуға байланысты жұмыс жасау ерекшеліктерін көрсеткен.

Түйін сөздер: бейімделу, кезең, маман даярлау, кәсіби даму, кәсіби қалыптасу.

Qalymbetova Je.K.,
Satybalдина N.K.,
Fajzullina A.K.,
Bajmoldina L.O.,
Zholdasova M.K.

**Social-psychological
features of the professional
adaptation problem**

In this article research about the systematization conforming to modern requirements and studying of a problem of professional adaptation of students is conducted. According to it, the main problem of research is considered in all its aspects. It is shown that research of professional adaptation of students influences deeper understanding of age dynamics and definition of criteria of existence of age, professional crises. Results of research showed features of the work connected with increase of indicators of features of social and psychological factors during professional adaptation of students.

Key words: adaptation, period, training of professionals, professional development, professional formation.

Қалымбетова Ә.К.,
Сатыбалдина Н.К.,
Файзуллина А.К.,
Баймолдина Л.О.,
Жолдасова М.К.

**Социально-психологические
особенности проблемы
профессиональной адаптации**

В этой статье проведено исследование о соответствующей современным требованиям систематизации и изучении проблемы профессиональной адаптации студентов. В соответствии с этим, основная проблема исследования рассмотрена со всех сторон. Показано, что исследование профессиональной адаптации студентов влияет на более глубокое понимание возрастной динамики и определение критериев наличия возрастных, профессиональных кризисов. Результаты исследования показали особенности работы, связанной с повышением показателей особенностей социально-психологических факторов во время профессиональной адаптации студентов.

Ключевые слова: адаптация, период, подготовка профессионалов, профессиональное развитие, профессиональное формирование.

**КӘСІПКЕ БЕЙІМДЕЛУ
МӘСЕЛЕСІНІҢ
ӘЛЕУМЕТТІК-
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Кіріспе

Қазақстан Республикасының нарықтық қатынастары мен бәсекелестіктің өсуіне байланысты болып жатқан әр түрлі өзгерістер білім беру жүйесіне қойылатын талаптарды өзгертеді. Біздің мемлекетіміздің дамуының негізгі бағыттары «Қазақстан – 2030» стратегиясында сипатталған. Ол стратегияның жүзеге асуы үшін білімді, шыншыл, ақылды, дені сау, адами қасиеттері жоғары мамандар керек. Қазақстан Президенті Н.А. Назарбаев «Қазақстанның артықшылығы – халық сапасы, адам ресурстары... біз өзіміздегі баға жетпес капиталды дамытып және сол дамуға жаңа да, өркениеттік жағдайлар туғызуымыз қажет», - деп тұжырымдайды. Қазіргі таңда Білім беру мәселелері жалпы әлемдік қоғамдастықтың өзекті мәселелердің бірі болуы өркениет дамуының білім беру сапасымен байланысады. ҚР «Білім беру» мемлекеттік бағдарламасында білім беруді жетілдіру мен оқыту процесіне жаңа ақпараттық технологияларын енгізу арқылы сапалы кәсіби мамандарды даярлауды қамтамасыз ету мәселесі қарастырылған.

А.В. Брушлинский тұлғаның психикалық дамуының алғы-шарттары туралы мәселені талдай келе, мынадай қорытындыға келген. Онтогенездің бастапқы кезеңдерінде биологиялық дамудың ішкі шарттары ретінде айқындалады. Тұлғаның қалыптасу барысында сыртқы әлеуметтік факторлардың әсер етуі күшейеді. Мұнда сыртқы әсерлер ішкі әсерлер арқылы жанама түрде іске асады [1].

Мамандардың кәсіби қалыптасуы көбінесе, сыртқы әсерлерге байланысты. Бірақ оны сыртқы жағдайлар мен шарттардан шығаруға болмайды. Себебі, олар адамның өмірлік тәжірибесі, индивидуалды психикалық ерекшеліктері мен психикалық қорына да сүйенеді. Бұл мағынада сыртқы әсерлер тұлғаның психикалық ерекшелігі, оның әлеуметтік және кәсіби тәжірибесі жататын ішкі шарттарға байланысты болып келеді.

Адам өмірінің шындық сценарийі өзінің алуан түрлілігімен ерекшелінеді. А.А. Бодалев дамудың әр түрінің қарқындылығы арақатынасына байланысты ересек адамдар дамуының келесі сценарийін бөліп көрсетті:

1. Индивидті даму тұлғалық және кәсіби дамудан әлдеқайда озып отыр. Бұндай арақатынас адамның тұлға және жұмысшы ретінде дамуының әлсіз екендігін айқындайды. Белгілі бір іс-әрекет түріне қызығушылық, қабілеттілік пен бейімделушілік жоқ, кәсіби дайындығы мен еңбек қабілеттілігі төмен деңгейде.

2. Адамның тұлғалық дамуы индивидті және кәсіби дамуға қарағанда күштірек. Ол қоршаған ортаға, адамдарға, материалдық және рухани мәдениет заттарына, отбасына деген жақсы қатынастардан байқалады. Физикалық денсаулық, кәсіби жетістіктер екінші жоспарда тұрады.

3. Кәсіби даму басқа екі түрге басшылық етеді. Кәсіби байлықтар приоритеті, жұмысқа кірісіп кету, берілу – еңбекқорлардың негізгі ерекшеліктері.

4. Индивидті, кәсіби және тұлғалық даму қарқындылығының сәйкес болуы дегеніміз адамдардың өзін-өзі реттеуі мен жүзеге асыруымен сипатталатын оптималды қатынас [2, 24-30 бб.].

Жалпы айтқанда, адамның индивидті, тұлғалық және кәсіби дамуы оның индивидуалды өмірінде өзара әрекеттесіп, кәсіби өмір сценарийінің кең спектріні құрайды. Адамның шыңға жетуі тұлғалық кәсіби қалыптасуының әр кезеңдерінде орналасады.

Кәсіби қалыптасу адам өмірінің ұзақ кезеңін қамтиды (35-40 жыл). Осы уақыт аралығында өмірлік және кәсіби жоспарлар өзгереді, әлеуметтік жағдайлар мен жетекші іс-әрекет ауысады, тұлға құрылымының қайта құрылуы жүреді. Осыған байланысты кәсіби қалыптасудың үздіксіз процесінде кезеңдердің бөліну критерийлері туралы сұрақ пайда болады.

Тұлғаның кәсіби қалыптасу мәселесін терең зерттеген **отандық психологтардың бірі Т.В. Кудрявцев** тұлғаның мамандыққа қатынасы мен іс-әрекеттің орындалу деңгейін кезеңдерді бөлу критерийлері ретінде алды. Ол кезеңдердің төрт түрін бөліп көрсетті:

1. Кәсіби ниет (ой) пайда болуы мен қалыптасуы;

2. Кәсіби білім беру және кәсіби іс-әрекетке дайындық;

3. Мамандыққа кірісу, оны белсенді меңгеру және өнеркәсіптік ұжымда өзін-өзі табу;

4. Кәсіби еңбекте тұлғаның толық жүзеге асуы [3].

Е.А. Климов төмендегідей кәсіби бағдарланған кезеңді шығарды.

1. Оптация кезеңі (12-17 жас) – кәсіби жолын саналы түрде таңдауға дайындық;

2. Кәсіби дайындық кезеңі (15-23 жас) – болашақ кәсіби әрекет икемділігіне үйрену, қажетті білім алу;

3. Кәсіпқойдың даму кезеңі (16-23 жас-тан бастап зейнеткерлікке дейін) – кәсіби қауымдастықтардағы тұлғааралық қарым-қатынас жүйесіне кіру және іс-әрекет субъектісінің әрі қарай дамуы [4].

Кейіннен Е.А. Климов кәсіпқойдың өмірлік жолының кезеңіне дәлірек тоқталады:

1. Оптация – кәсіби орындарда мамандық таңдау кезеңі;

2. Адаптация – мамандыққа кірісіп, оған үйрену;

3. Интернал – кәсіби тәжірибені иемдену;

4. Шеберлік – еңбек әрекетін білікті орындау;

5. Беделдік фазасы – кәсіпқойдың жоғары біліктілікке жетуі;

6. Тәлімгерлік – кәсіпқойдың өз тәжірибесін басқаларға беруі мен үйретуі [5].

А.К. Маркова кәсіпқойдың қалыптасуында 5 деңгей мен 9 кезеңді бөліп көрсетті:

1. Кәсіпқойлыққа дейін мамандықпен алғаш рет танысу кезеңін қамтиды;

2. Кәсіпқойлық 3 кезеңнен тұрады: мамандыққа бейімделу, өзін-өзі таныту және шеберлік түріндегі мамандықты еркін меңгеру;

3. Жоғары кәсіпқойлық 3 кезеңнен тұрады: шығармашылық түрде мамандықты еркін меңгеру, әр түрлі мамандықтармен шұғылдану, өзін-өзі тұлға ретінде шығармашыл болжау жасау;

4. Кәсіпқойлық емес тұлғаның оқшаулануынан еңбектің кәсіби бүлінген нормалар бойынша орындалуы;

5. Кәсіпқойлықтан кейін кәсіби әрекеттің аяқталуы [6, 56-57 бб.].

Шетелде Дж. Сьюпер кәсіби есеюдің негізгі 5 кезеңін бөліп көрсеткен:

1. Өсу – қызығушылықтардың, қабілеттіліктердің дамуы (0-14 жас);

2. Зерттеу – өз күштерін апробациялау (14-25 жас);

3. Бекітілу – кәсіби білім алу және қоғамда өз позицияларын тұрақтандыру (25-44жас);

4. Қолдау – тұрақты кәсіби орнын анықтау (45-64жас);

5. Құлау – кәсіби белсенділіктің төмендеуі (65 және жоғары) [7].

Кәсіби қалыптасу процесіндегі іс-әрекет динамикасын Н.С. Глуханок зерттеген [8]. Оның айтуынша, кәсіпке дайындық, оған бейімделу, шеберлік т.б. кезеңдерде тұлға іс-әрекеті күрделене және кеңейе түседі. Ал, В.Д. Шадриков кәсіби мәнді сапа ретінде іс-әрекет тиімділігіне

және меңгеру табыстылығына әсер ететін іс-әрекет субъектісінің индивидуалды сапаларын қарастырған [9].

Н.С. Пряжников кәсіби өзіндік анықталуды зеттей келе, оның келесі түрлерін бөліп қарастырған: нақты еңбек функциясы кезіндегі, нақты еңбек орнындағы, нақты мамандықтағы, нақты кәсіптегі, өмірлік, тұлғалық және тұлғаның мәдениеттегі анықталулары деп бөледі [10, 17-18 бб.].

Зерттеу мақсаты – студенттердің кәсіпке бейімделуінің әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін анықтау және зерттеу.

Зерттеу пәні – студенттердің кәсіпке бейімделуінің әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері.

Зерттеу объектісі – студенттердің кәсіпке бейімделуі.

Зерттеуде қолданылған әдістер. Қойылған мақсаттарға байланысты зерттеу әдістерінің жүйесіне студенттердің кәсіпке бейімделуін анықтау үшін психологиялық әдебиеттер және әдістемелік құралдарды теориялық талдау; К.Роджерс-Р.Даймондтың әлеуметтік-психологиялық бейімделу сұрақтамасы; М.А. Дмитриеваның модификацияланған әлеуметтік-психологиялық және кәсіпке бейімделу әдістемесі; жеке тұлғаның бейімделушілік қабілеттерінің даму деңгейлерін бағалау әдістемесі; модификацияланған мамандыққа қатынас сұрақтамасы; студенттердің кәсіби іс-әрекеттегі бейімделуін

зерттеуге бағытталған бірнеше позициядан тұратын сауалнама әдістер қатары кіреді.

Ғылыми зерттеу жұмыстарының барысын төменгі кезеңдерге бөлдік:

1. Диагностикалық кезең - зерттеу мәселесі бойынша (тест, сауалнама, сұхбат) әдістерді қолдану арқылы қарама-қайшылықтарды айқындап, аталмыш мәселенің өзектілігін айқындау.

2. Болжамдық кезең – зерттеу мақсаты қойылып, мақсатқа сәйкес болжамдар жасалынады, күтілетін нәтижелер айқындалып, эксперименттік-эмпирикалық зерттеулер бағдарламасы мен жүргізілу бағыттарын ұсыну.

3. Ұйымдастырушылық кезең – зерттеу жұмысының бағдарламасын жүзеге асыру үшін керекті жағдайлар туғызу және зерттеу жұмысын жүргізу.

4. Тәжірбиелік кезең – болжамды негізделген іс-шараларды жүргізу, бағдарлама мазмұнында сипатталған кезеңдер бойынша нәтижелер алу, құрылған әдістемелік кешеннің тиімділігін анықтау.

5. Қорытындылау кезеңі – алынған мәліметтер сәйкестігін байқау және сарапталған нәтижелерді ғылыми зерттеу жұмысының мазмұнында бейнелеу.

6. Енгізу кезеңі – оқу-әдістемелік нұсқаулар жасау, зерттеу барысында алынған нәтижелерді кәсіби білім беру мекемелерінің бағдарламаларына енгізу.

1-кесте – Жоғарғы курс студенттерінің әлеуметтік-психологиялық бейімделу бойынша алынған орташа көрсеткіштері

Шкалалар	Бейімделушілік	Өзін-өзі қабылдау	Басқаларды қабылдау	Эмоциялық қолайлылық	Интегралдылық	Үстемдікке ұмтылыс
ЭТ	5,5	6,2	6	6	5,7	4,7
БТ	3,9	4,5	4	3,9	4,1	3,8

1-кестедегі әрбір топтың нәтижелерін жеке қарастыратын болсақ, эксперименттік топ студенттері келесідей нәтижелерге ие болды.

Студенттердің бейімделушілігі көбінесе орта деңгейді көрсетеді (5,5), ол өзінің болашағына деген сенімсіздіктен, қазіргі уақытта көп жағдайларда тұрақтылық жоқтығынан, болашақтағы өзгерістерді күтулеріндегі қорқыныштардан, кездесетін қиындықтарды жеңуге деген талпыныстардан, қоғамда әлеуметтік рөлін анықтаумен байланысты болып отыр.

Өзін-өзі қабылдау ерекшелігі студенттерде жоғары деңгейде (6,2), ол олардың өзіндік бағалауының жоғары деңгейін, эгоцентризм кезінде көрінеді.

Басқаларды қабылдау жоғары деңгейді көрсетеді (6), олар қоршаған орта адамдарымен қарым-қатынас кезінде ұстамды, шыдамды, конфликтіге аз түседі, басқа адам ойымен келіспесе де ашық қақтығыстарға бармайды.

Эмоциялық комфорттылық та жоғары және орта деңгейді көрсетті (6). Ол студенттердің

болашақтары өздеріне байланысты дегенге сенімділікті, аз да болса әлеуметтік және кәсіби рөлдері анықталуларына байланысты оптимистік көңіл-күйдің болуын білдірді.

Интегралдылық студенттер бойында жоғары деңгейді көрсетеді (5,7). Себебі олар өз іс-әрекеттерінде өздерін тәуелсіз, жауапкершілікті, дербес көрсетеді. Олар болашақтың өздерінің белсенділіктеріне, мақсатқа бағытталуларына байланысты екенін, сәтсіздіктердің бәрінде жауапкершілікті өз мойындарына алатынын көрсетті.

Үстемділікке ұмтылыс орта деңгейді көрсетеді (4,7). Ол студенттердің бойындағы лидерлікке деген ұмтылыстың пайда болуы, бірақ белсенділік және ұйымдастырушылық қабілеттерін көрсетпеуге деген ұмтылыстарын көрсетеді.

Ал, бақылау тобы бойынша келесі қорытындылар алынды.

Бірінші көрсеткіш студенттердің бейімделушілік ерекшелігі бақылау тобында ортадан төмен деңгейді көрсетті (3,9). Бұл осы топтағы студенттердің болашағына деген сенімсіздіктен, қазіргі уақытта көптеген өзгерістердің кез-келген сәтте болуынан, соның нәтижесінде болашаққа деген үміттің жоқтығынан көрінеді.

Өзін-өзі қабылдау көрсеткіші бойынша бақылау тобындағы студенттер орта деңгейді көрсетіп отыр (4,5). Ол студенттердің өзін-өзі бағалауының орта деңгейін, олардың өздеріне кіріп кету ерекшеліктерін көрсетеді.

Басқаларды қабылдау орта деңгейде (4). Ол басқа адамдарды қабылдау кезіндегі қиын-

дықтарды, олармен әрбір жағдайда қақтығыстардың пайда болуымен ерекшелінеді.

Эмоциялық комфорттылық орта және төменгі деңгейді көрсетеді (3,9). Бұл студенттердің өздеріне деген сенімсіздікті, болашаққа деген пессимистік бағытты көрсетеді.

Интегралдылық орта деңгейді көрсетіп тұр (4,1), ол студенттердің іс-әрекеті кезіндегі тәуелділікті, дербес еместікті, жауапсыздығы көрсетеді. Олар сәтсіздіктеріне, кездескен қиындықтарына басқа адамдарды кінәлайды.

Үстемдікке ұмтылыс көрсеткіші төменгі деңгейді көрсетіп тұр (3,8). Ол студенттердің көшбасшылыққа деген ұмтылыстарының жоқтығынан, өздерінің бойларындағы қабілеттерін көрсетпеу және т.б. кездерде көрінеді.

Келесі әдіс студенттер тобында кәсіби бейімделушілікті анықтау мақсатымен біздің тарапымыздан модификацияланған М.А. Дмитриеваның «Әлеуметтік-психологиялық кәсіби бейімделу» әдістемесі қолданды. Әдістеменің зерттейтін негізгі параметрлері жайлы айтатын болсақ, олар бейімделудің жоғары және аса қатты көрінетін жоғары деңгейі, сондай-ақ бейімделушіліктің төменгі деңгейі мен аса қатты көрінетін бейімделушілік. Әдістеме нәтижелері 10 стандарттық ұпайлық жүйеге ауыстырылып, зерттелуші топтар арасындағы айырмашылықтар анықталды. Бұл айырмашылықтарды эксперименттік және бақылау тобында қандай болғанын төмендегі кестеден көре аласыздар.

Көрсеткіштер 2 кестеде көрсетілген.

2-кесте – Зерттелуші топтардың кәсіби бейімделушілік көрсеткіштері

Эксперименттік топтағы орташа арифметикалық көрсеткіш	Бақылау тобындағы орташа арифметикалық көрсеткіш
6,1	3,8

2-кестеден көрініп тұрғандай, бақылау тобында кәсіби бейімделушілік төмен деңгейде, ал эксперименттік топтағы орташа топтық нәтиже жоғары кәсіби бейімделушілік деңгейін көрсетеді. Бұл көрсеткіштерден, эксперимент барысында жоғары курс студенттерінің кәсіби бейімделушілігі біршама артқанын, бірақ аса қатты бейімделушіліктің әлі де қалыптаспағандығын білдіреді.

Енді осы нәтижелердің арасындағы статистикалық айырмашылықты анықтайтын болсақ, Стьюденттің критерийі $t=11,3$ сәйкес келіп, $p(0,001)$ деңгейіндегі жоғары мәнділікке ие бо-

лады. Мұның өзі эксперименттік, дамытушылық іс-шаралардың тиімді болғанын дәлелдейді.

Тұлғаның бейімделушілік қабілеттерінің даму деңгейін және мамандыққа қатынас ерекшеліктерін зерттеуде бізбен келесі әдістемелер қолданылды.

1) «Тұлғаның бейімделушілік қабілеттерінің даму деңгейін бағалау» әдістемесі;

2) «Мамандыққа қатынас» сауалнамасы.

Бірінші әдістеме бойынша студенттердің бейімделушілік тұлғалық сауалнамасы бойынша алынған қорытындылар келесі кестеде көрсетілген (3-кестені қараңыз).

3-кесте – Эксперименттік топ студенттерінің бейімделушілік көрсеткіштері:

Көрсеткіштер	Жоғары		Орташа		Төменгі	
	Зерт-р саны	%	Зерт-р саны	%	Зерт-р саны	%
Мінез-құлықты реттеу	21	25,3	22	37,2	1	1,2
Коммуникативтік потенциал	28	33,7	19	32,2	2	2,5
Адамгершіліктік норма	34	41	18	30,6	5	6,3

Кестеден көретіміздей, мінез-құлықты реттеу кезінде эксперименттік топ студенттерінің 25,3 % жоғары көрсеткішті көрсетіп отыр. Бұл бақылау тобына қарағанда көрсеткіштің жоғарылағанын көрсетеді. Бұл студенттердің қоршаған орта ерекшеліктеріне, жағдай өзгерулеріне байланысты мінез-құлықты тез қалыптастыра алатындарын байқатады. Олар өз мінез-құлықтарына адекватты баға береді, ақиқат жағдайларды бір-бірінен ажырата алады.

Ал, 37,2 % орта деңгейді көрсетіп отыр. Олар қалыпты бейімделген топ деп аталады. Олар өздерінің эмоционалды тұрақтылықтарын орта деңгейде басқара алады, бірақ та бұл студенттерді мұғалімдер тарапынан бақылап, көмек көрсетіп отыру қажет. Мінез-құлықты реттеудің төменгі деңгейін көрсеткен зерттелушілер жоқ. Бұл қалыптастырушы эксперимент барысында жүргізілген іс-шаралардың маңызды нәтижелерге қол жеткізгендігін білдіреді.

Коммуникативтік потенциал кезінде эксперименттік топ студенттерінің 33,7 % жоғары

деңгейді көрсетті. Осы топтағы студенттер басқа адамдармен жақсы қарым-қатынас жасайды. Бұл нәтижелер олардың қиын сәттерде тез жол тауып, қарым-қатынасқа оңай түсе алатынын білдіреді.

Орта деңгейді 32,2 % болып тұр. Бұл студенттер қарым-қатынасқа түсуі орта жағдайларына байланысты болады. Орта ерекшеліктеріне тән олардың іс-әрекеттері өзгеріп отырады.

Адамгершіліктік нормасы бойынша эксперименттік топ студенттерінің 41 % жоғары деңгейді көрсетіп отыр. Олар қоршаған ортаға тән нормаларды сақтайды, ескереді, сол ерекшеліктерге тән қарым-қатынас жасайды.

30,6 % орта деңгейді көрсетіп отыр, яғни осы пайызға сәйкес олардың элеуметтену үрдісі де орта деңгейде деп айтсақ болады. Ұжымдағы алатын орнын дұрыс бағалай алмауы мүмкін.

6,3 % төменгі деңгейді көрсетті. Олармен оқытушылар жеке жұмыс жасауы керек.

Енді бақылау топ зерттелушілерінің бейімделушілік деңгейін анықтайық (4-кестені қараңыз).

4-кесте – Бақылау тобы студенттерінің бейімделушілік ерекшеліктері

Көрсеткіштер	Жоғары		Орташа		Төменгі	
	Зерт-р саны	%	Зерт-р саны	%	Зерт-р саны	%
Мінез-құлықты реттеу	22	33,8	15	33,3	13	32,5
Коммуникативтік потенциал	16	24,6	18	40	17	42,5
Адамгершіліктік норма	27	41,6	12	26,7	10	25

Бақылау тобы бойынша мінез-құлықты реттеудің жоғары көрсеткіштері 33,8 % студенттерде көрінді. Бұл студенттердің жақсы бейімделгіштік қабілеттерін көрсетеді. Мұндай студенттер іс-әрекеттің жаңа жағдайларына тез бейімделеді, жаңа ортаға тез сіңіп, өз мінез-құлықтарын ортаға сай тез өзгерте алады, яғни бұлардың мінез-құлықты реттеуі жоғары деңгейде болады. Олар өз-өздеріне адекватты

баға бере алады, өмірдегі ақиқат пен шындықты ажырата алып, мінез-құлық стратегияларын тез қалыптастырады.

Орташа көрсеткіштегі топты құратын студенттер 33,3 % көрсетті. Бұл студенттер қалыпты бейімделген топқа жатады. Бұл топ өкілдерінде әр түрлі акцентуация белгілері көрінеді, сондықтан бейімделушілік сыртқы орта жағдайларына байланысты болады. Бұл топтағы

адамдарда эмоциялық тұрақтылық орташа деңгейде болады. Әлеуметтану процесі кезінде қиындықтар кездеседі. Бұл топ студенттерін өз тарапынан және оқытушылар тарапынан бақылап, көмек көрсетіп отыру қажет. Мінез-құлқы реттеудің орташа деңгейі тән. Олар ұжымдағы өз орны мен рөлін түсінеді, бірақ оны дұрыс бағалай алмайды. Өзіндік бағалау төменгі деңгейде де болады.

Мінез-құлқы реттеуде **32,5 % студенттер** төменгі деңгейді көрсетіп тұр. Жаңа ортаға сіңулері қиын, өздеріне адекватты баға бере алмайды. Ұжымдағы рөлін түсіне алмайды.

Адамның коммуникативті қабілеттері тұлға потенциалының құраушы элементтерінің негізі болып табылады. Әлеуметтік ортада адам үнемі іс-әрекетте болғандықтан ол басқалармен қарым-қатынассыз өмір сүрмейді. Байланыс жасау мүмкіндігі әркімде әртүрлі болғандықтан бұл шкала бойынша студенттер келесі ерекшеліктерді көрсетті:

Бақылау тобында **24,6 % жоғары топ ерекшеліктерін** көрсетті. Олар конфликт пен қиын жағдайлардан қашпау, адамдармен тез байланысқа түсу, жаңа ортаға тез сіңіп кету, бірауызбен айтқанда коммуникативті қабілеттері жоғары студенттер. Бұл топтағы студенттер коммуникабельді, қарым-қатынасқа оңай түседі, жаңа таныстықтарды керек ететін тұлғалар.

Орташа деңгей көрсеткен **топтағы студенттер** **40 %** көрсетті, олар орта жағдайларына байланысты бейімделеді. Жаңа жағдайға тап болған уақытта іс-әрекетін өзгертіп, әртүрлі ерекшеліктер байқатады. Адамдармен қарым-қатынас жасауы сол ортаға бейімделуіне тікелей байланысты болады. Бұл топтағы студенттер үнемі бақылауды қажет етіп отырады.

42,5 % студенттер төменгі деңгейді көрсетті. Олар орта жағдайларына тез бейімделе алмайды. Басқа адамдармен қарым-қатынасқа түсуі қиындық туғызады. Студенттердің индивидуалды ерекшеліктері ескеріліп, олармен жекедара жұмыс жасау қажет.

Бейімделушілік процесінің маңызды жағы моральдық адамгершілік нормаларын қадағалау болып табылады. Бұл шкала тұлғаның өзінің әлеуметтік рөлін қалай қабылдайтынын анықтауға көмектеседі. **41,6 %** көрсеткен жоғары топ әлеуметтенудің жоғары деңгейін көрсетеді және ұжымдағы өз орнын адекватты ба-

ғалайды. Яғни, олардың адамгершілік көрсеткіші, адамдармен қарым-қатынас жасауы жоғары. Орташа деңгей **26,7 %** сәйкесінше әлеуметтенудің орташа деңгейін көрсетеді. Бұл топ студенттері ұжыммен жақсы қарым-қатынас жасайды, бірақ ұжымдағы өз орны мен рөлін дұрыс бағалай алмайды.

25 % көрсетіп тұр. Олар әлеуметтену жағдайының төменгі деңгейін көрсетеді. Ұжыммен қарым-қатынас жасауы қиын, сол кезде белгілі қиындықтар туындап отырады.

Қорытынды

Тұлғаның бейімделу процесі өте күрделі, жан-жақты болып табылады. Сондықтан, бұл процесті қарастыру кезінде бейімделу, әлеуметтік-психологиялық бейімделу, кәсіби бейімделу ерекшеліктерін талдап, сарапқа салған жөн. Сонымен, әлеуметтік-психологиялық бейімделу дегеніміз – адамның әр жас кезеңіне сәйкес өзгермелі ортаға икемделуі, олар орта мен іс-әрекет түрлерінің қатынастары арқылы көрінеді. Ал, кәсіпке бейімделу дегеніміз болашақ мамандығы бойынша еңбек талаптары мен ерекшеліктерін меңгеру болып саналады. Кәсіпке бейімделу мәселесін жан-жақты психологиялық, философиялық теорияларды талдай келе, тұлғаның дамуы мен қалыптасуында бұл бейімделудің ерекше орын алатыны жайлы қорытындыға келдік. Кәсіпке бейімделу табыстылығы жоғары оқу орындарындағы оқыту процесінің сапасымен, кәсіпті таңдау мотивімен, кәсіпті ұнату және еңбек мазмұнын түсіну, өзара қарым-қатынас параметрлері әсерінен көрінеді. Сонымен қатар, кәсіпке бейімделу объективті, субъективті, субъективті-объективті сипатта болатын факторлар арқылы да байқауға болады. Кәсіпке бейімделу кезіндегі іс-әрекетті бірлескен-диалогтық танымдық іс-әрекет, оның белгілі бір деңгейлері арқылы көре отырып, оқыту жағдайы барысында кәсіпті игеруге деген табыстылықты, белсенділікті дамытатынын аша айтып кеткен жөн. Кәсіпке бейімделу кезінде әлеуметтену процесі үлкен мәнге ие, себебі сол арқылы тұлға әлеуметтік тәжірибелерді меңгереді және оларды белсенді түрде қайта өңдейді. Кәсіпке бейімделу жоғары оқу орнында оқу процесіне бейімделу, оған арнаулы жағдайлар, іс-шаралар жүргізу арқылы жүзеге асады.

Әдебиеттер

- 1 Брушлинский А.В. О соотношении биологического и социального в развитии личности // Теоретические проблемы психологии личности. – М., 1974. – С.23-27.
- 2 Бодалев А.А. Вершина в развитии человека: характеристики и условия достижения. М.,1998. – 127с.
- 3 Кудрявцев Т.В. Психолого-педагогические проблемы высшей школы // Вопр. психологии. – 1981. – № 2. – С. 12-16.
- 4 Климов Е.А. Психолого-педагогические проблемы профессио-нальной консультации. – М., 1983. – 154с.
- 5 Климов Е.А. Психология профессионального самоопределения. – М., 1997. – 145с.
- 6 Маркова А.К. Психология профессионализма. – М., 1996. – 132с.
- 7 Михайлов И.В. Проблема профессиональной зрелости в трудах Д.Е. Сьюпера // Вопр. психологии. – 1975. – № 5. – С. 15-19.
- 8 Глуханюк Н.С. Психологические особенности и закономерности становления профессионально-педагогической деятельности // Психология становления педагога профессиональной школы. – Екатеринбург, 1996. – С. 21-23.
- 9 Шадриков В.Д. Деятельность и способности. – М., 1994. – 245с.
- 10 Пряхников Н.С. Профессиональное и личностное самоопределения. – М., Воронеж, 1996. – 356 с.

References

- 1 Brushlinsky A.V. About a ratio biological and social in development of the personality//Theoretical problems of psychology of the personality. – M, 1974. – P. 23-27.
- 2 Bodalev A.A. Peak in development of the person: characteristics and conditions of achievement. M., 1998. – 127 p.
- 3 Kudryavtsev T.V. Psychology and pedagogical problems of the higher school// Psychology Questions. – 1981. – No. 2. – P. 12-16.
- 4 Klimov E.A. Psychology and pedagogical problems of professional consultation. – M, 1983. – 154 p.
- 5 Klimov of E.A. Psychology of professional self-determination. - M, 1997. – 145 p.
- 6 Markova A.K. Psychology of professionalism. - M, 1996. – 132 p.
- 7 Mikhaylov I.V. Problem of a professional maturity in works of Super D.E.//Psychology Questions. – 1975. – No. 5. – P. 15-19.
- 8 Glukhanyuk N. S. Psychological features and regularities of formation of professional and pedagogical activity//Psychology of formation of the teacher of vocational school. – Yekaterinburg, 1996. – P. 21-23.
- 9 Shadrikov V.D. Activity and abilities. – M, 1994. – 245 p.
- 10 Pryazhnikov N. S. Professional and personal self-determination. – M, Voronezh, 1996. – 356 p.